

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша
САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ**

| р/с № | Құры- лымдық элемент | Заңнамалық актінің редакциясы | Жобаның редакциясы | Ұсынылған өзгерістің немесе толықтырудың редакциясы | Өзгерістің немесе толықтырудың авторы және оның негіздемесі | Бас комитет- тің шешімі. Негіздеме (қабылдан- баған жағдайда) |
|---|--|--|---|--|--|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі | | | | | | |
| 1. | 1-баптың 1- тармағы 1) тармақ- шасының бірінші абзацы | Жоқ | 1) 316-бап мынадай редакцияда жазылсын: | «1» деген цифр алып тасталсын. | Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті Заң техникасы. | Қабыл- данды |
| 2. | 1-баптың 1- тармағы 1) тармақ- | 2. Адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған немесе бірнеше мәрте жасалған дәл сол іс-әрекет – | 2. Жануарға оның өліміне әкеп соққан қатыгездікпен қарау – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір | «1» деген цифр «бір» деген сөзбен ауыстырылсын. | Депутаттар Г.А. Нұрұмова, З.А. Камасова «Жануарларға | Қабыл- данды |

| | | | | | | |
|----|---|--|---|---|---|-------------------|
| | шасының бесінші және алтыншы абзацтары | екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады. | қызметпен айналысу құқығынан 1 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады. | | жауапкершілікпен қарау туралы» заң жобасының 2-бабының 14) тармақшасына сәйкес келтіру. Заң техникасы. | |
| 3. | 1-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының сегізінші-он екінші абзацтары | Жоқ | а) екі және одан да көп жануарларға қатысты; б) адамдар тобымен, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен; в) бірнеше рет; г) жас баланың қатысуымен; д) осы іс-әрекетті бұқаралық ақпарат құралдарында жария түрде немесе жария түрде көрсете отырып немесе телекоммуникация желілерін пайдалана | Мынадай редакцияда жазылсын: «1) екі және одан да көп жануарларға қатысты; 2) адамдар тобымен, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен; 3) бірнеше рет; 4) жас баланың қатысуымен; 5) жария түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып жасалған іс-әрекеттер – ». | Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті Заң техникасы. | Қабылданды |

| | | | | | | |
|---|----------------------------------|--|--------------------------------|--|--|-------------------|
| | | | отырып жасалған іс-әрекеттер – | | | |
| 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі | | | | | | |
| 4. | Жобаның 1-бабының жана 2-тармағы | 191-бап. Анықтау нысанында және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру ... 2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 107 (бірінші бөлігінде), 110 (бірінші бөлігінде), 112, 113, 114 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 117 (екінші бөлігінде), 118 (екінші бөлігінде), 119 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 126 (бірінші бөлігінде), 136, 137 (екінші бөлігінде), 139, 142, 143 (бірінші бөлігінде), 153, 158 (екінші бөлігінде), 188 (бірінші бөлігінде), 191 (бірінші бөлігінде), 194 (бірінші бөлігінде), 200 | Жоқ | Мынадай мазмұндағы жаңа 2-тармақпен толықтырылсын: «2. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне: 191-бапта: екінші бөлік «315 (бірінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «316 (үшінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын; он алтыншы бөлік «316» деген цифрладан кейін «(бірінші және екінші бөліктерінде)» деген сөздермен толықтырылсын. <i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i> | Депутат Н.Ж. Ожаев Заң жобасымен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 316-бабы жаңа редакцияда жазылсын. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 316-бабының үшінші бөлігі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 10-бабының екінші бөлігіне сәйкес қылымыс болып табылады (2. Осы кодексте айыппұл | Қабылданды |

| | | | | |
|--|--|--|--|---|
| | <p>(бірінші бөлігінде), 201 (бірінші бөлігінде), 202 (бірінші бөлігінде), 207 (бірінші бөлігінде), 209 (бірінші бөлігінде), 210 (бірінші бөлігінде), 212 (бірінші бөлігінде), 247 (үшінші бөлігінде), 252 (бірінші бөлігінде), 274 (бірінші бөлігінде), 287 (екінші және үшінші бөліктерінде), 288 (бірінші бөлігінде), 290 (бірінші бөлігінде), 293 (бірінші бөлігінде), 295 (бірінші және екінші бөліктерінде), 299 (бірінші бөлігінде), 299-1, 300 (бірінші бөлігінде), 308 (бірінші бөлігінде), 309 (бірінші бөлігінде), 310 (бірінші бөлігінде), 311, 313, 314 (бірінші бөлігінде), 315 (бірінші бөлігінде), 319 (бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 321 (екінші бөлігінде), 322 (бесінші бөлігінде), 341 (бірінші бөлігінде), 342 (екінші бөлігінде), 345 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 345-1,</p> | | | <p>салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатарымен тыйым салынған айыпты жасалған қоғамдық қауіпті әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.). Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 189-бабының үшінші және алтыншы бөліктерінің талаптарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 187-бабына тиісті</p> |
|--|--|--|--|---|

| | | | | | | |
|--|--|---|--|--|---|--|
| | | <p>346 (бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 347, 348 (екінші бөлігінде), 349 (екінші бөлігінде), 350 (бірінші бөлігінде), 357 (бірінші бөлігінде), 358 (екінші бөлігінде), 359 (екінші бөлігінде), 372, 379, 386 (бірінші бөлігінде), 387, 390 (екінші және үшінші бөліктерінде), 398 (үшінші бөлігінде), 399 (бірінші және екінші бөліктерінде), 407 (бірінші бөлігінде), 426 (бірінші бөлігінде), 427, 428 (бірінші бөлігінде), 430, 431-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды ішкі істер органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188 (бірінші бөлігінде), 252 (бірінші бөлігінде), 290 (бірінші бөлігінде), 345 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 348 (екінші бөлігінде), 350 (бірінші бөлігінде), 398 (үшінші бөлігінде)-</p> | | | <p>түзету енгізу қажет (3. Алдын ала тергеу нысанындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстар бойынша жүзеге асырылады</p> <p>6. Хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп – тексеруді осы Кодекстің 191-бабының он алтыншы-жиырма төртінші бөліктерінде көзделген қылмыстық теріс қылықтар бойынша қылмыстық қудалау органы жүргізеді.).</p> | |
|--|--|---|--|--|---|--|

| | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|
| | | <p>баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша, егер олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға тікелей қарсы бағытталған болса, анықтауды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі жүргізе алады.</p> <p>...</p> <p>16. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 111, 115, 117 (бірінші бөлігінде), 118 (бірінші бөлігінде), 119 (бірінші бөлігінде), 137 (бірінші бөлігінде), 138, 140, 145, 150 (1-1-бөлігінде), 152 (бірінші бөлігінде, егер бұл соттың жұмысқа қайта орналастыру туралы шешімін орындамаумен байланысты болса, үшінші бөлігінде), 154, 155 (бірінші бөлігінде), 156 (бірінші және екінші бөліктерінде), 158 (бірінші бөлігінде), 159, 183, 187, 204</p> | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | <p>(бірінші бөлігінде), 205 (бірінші және екінші бөліктерінде), 206 (бірінші бөлігінде), 208 (бірінші бөлігінде), 211 (бірінші бөлігінде), 213 (бірінші бөлігінде), 247 (бірінші және екінші бөліктерінде), 276 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 294, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 303 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 316, 317 (бірінші бөлігінде), 320 (бірінші бөлігінде), 322 (бірінші бөлігінде), 325 (бірінші бөлігінде), 326 (бірінші бөлігінде), 328 (бірінші бөлігінде), 331 (екінші бөлігінде), 334 (бірінші бөлігінде), 336, 340 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 342 (бірінші бөлігінде), 345 (бірінші бөлігінде), 349 (бірінші бөлігінде), 351 (бірінші бөлігінде), 354 (бірінші бөлігінде), 356 (бірінші бөлігінде), 357 (екінші бөлігінде), 358 (бірінші</p> | | | | |
|--|--|--|--|--|--|

| | | | | | | |
|--|-------------------------|--|-----|---|---|-------------------|
| | | бөлігінде), 359 (бірінші бөлігінде), 376 (бірінші бөлігінде), 381, 383, 384, 389 (бірінші және екінші бөліктерінде), 391, 395, 397, 398 (бірінші және екінші бөліктерінде), 400, 402 (бірінші бөлігінде), 403, 406, 407 (екінші бөлігінде), 410, 436-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ішкі істер органдары жүргізеді. | | | | |
| «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының кодексі | | | | | | |
| 5. | 1-баптың жаңа 2-тармағы | 1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар 1. Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 160) медициналық-биологиялық эксперимент - жай-күйдің пайда болу немесе аурудың даму | Жоқ | Мынадай мазмұндағы жаңа 2-тармақпен толықтырылсын: «2. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының кодексіне: 1) 1-баптың 1-тармағының 160) тармақшасындағы | Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң жобасының 19-бабына сәйкес келтіру. | Қабылданды |

| | | | | | | |
|--|--|--|--|---|--|--|
| | | <p>себептерін, жағдайлары мен тетіктерін анықтау, емдеу және профилактика әдістерін әзірлеу үшін зертханалық жануарларға зерделенетін жай-күйдің немесе аурудың құрылымдық-функционалды кешенін оңайлатылған нысанда жаңғыртуға (модельдеуге) негізделген зерттеу;</p> <p>...</p> <p>227-бап. Биомедициналық зерттеулер</p> <p>1. Биомедициналық зерттеулер тірі адамдарға және жануарларға (зерттеу субъектілеріне), тірі және қайтыс болған адамның және жануардың биологиялық үлгілеріне, сондай-ақ клиникалық-эпидемиологиялық деректер мен өзге де медициналық ақпаратты пайдалану негізінде жүргізілуі мүмкін.</p> | | <p>«зертханалық» деген сөз «эксперименттік (зертханалық)» деген сөздермен ауыстырылсын.»;</p> <p>2) 227-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі «адамдарға және» деген сөздерден кейін «эксперименттік (зертханалық)» деген сөздермен толықтырылсын.».</p> <p><i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін</i></p> | | |
|--|--|--|--|---|--|--|

**«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы»
2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына**

| | | | | | | |
|----|---------------------------|---|--|---|--|--------------------|
| 6. | 1-баптың 2- тармағы | 6-бап. Мәслихаттардың құзыреті ... 2-2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихаттарының құзыретіне жануарларды асырау қағидаларын, елді мекендерде ауыл шаруашылығы жануарларын асырау қағидаларын, ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын , сондай-ақ бұзылғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленген өзге де қағидаларды бекіту жатады. | 2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына: 6-баптың 2-2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «2-2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихаттарының құзыретіне жануарларды асырау қағидаларын, үй жануарларын есепке алу қағидаларын, ауыл шаруашылығы жануарларын елді мекендерде асырау қағидаларын, ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және | Мынадай редакцияда жазылсын: «2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына: 6-бапта: 2-2-тармақтағы «иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын» деген сөздер « үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын, жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын» деген сөздермен ауыстырылсын; | Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті «Жануарларға жауапты қарау туралы» заң жобасының 22-бабының 2-тармағына және 29-бабына сәйкес келтіру. | Қабыл-данды |
|----|---------------------------|---|--|---|--|--------------------|

| | | | | | | |
|---|-------------------------|---|--|---|--|-------------------|
| | | | серуендету қағидаларын, жануарларды аулау және өлтіру қағидаларын, аулауға және өлтіруге жататын жануарлар тізбесін бекіту, сондай-ақ бұзылғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленген өзге де қағидаларды бекіту жатады.». | | | |
| «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы | | | | | | |
| 7. | 1-баптың жаңа 3-тармағы | 40-бап. Жүк тасымалдау ережелері 1. Жүк тасымалдау ережелері жалпы ережелерді қамтиды, сондай-ақ мыналарды: ... 26) жануарлар мен құстарды тасымалдау; | Жоқ | Мынадай мазмұндағы жаңа 3-тармақпен толықтырылсын: «3. «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына: 40-баптың 1-тармағының 26) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «26) жануарларды тасымалдау;». <i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i> | Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті «Жануарларға жауапты қарау туралы» заң жобасының 12-бабына сәйкес келтіру. | Қабылданды |

«Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы

| | | | | | | |
|----|---|--|---|--|--|-------------------|
| 8. | 1-баптың 3-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацы | <p>10-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті</p> <p>1. Облыстардың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне:</p> <p>...</p> <p>4-3) облыстың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;</p> | 4-3) тармақшадағы «қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын» деген сөздер «жануарларды аулау және өлтіру қағидаларын, аулауға және өлтіруге жататын жануарлар тізбесін» деген сөздермен ауыстырылсын; | Мынадай редакцияда жазылсын: «4-3) тармақшадағы «иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын» деген сөздер «үй жануарларын серуендету қағидаларын, жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын» деген сөздермен ауыстырылсын.». | <p align="center">Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</p> <p align="center">«Жануарларға жауапты қарау туралы» заң жобасының 22-бабының 2-тармағына сәйкес келтіру.</p> | Қабылданды |
|----|---|--|---|--|--|-------------------|

| | | | | | | |
|-----|---|---|---|---|--|-------------------|
| 9. | 1-баптың 3-тармағы 1) тармақшасының төртінші абзацы | 10-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті 1. Облыстардың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне: ... 4-9) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру; 4-10) жоқ | 4-9) тармақшадағы «қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды» деген сөздер «жануарларды аулауды және өлтіруді» деген сөздермен ауыстырылсын; Жоқ | Мынадай редакцияда жазылсын: «4-9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «4-9) жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды ұйымдастыру;». | Депутат Д.Н. Назарбаева Жануарларды аулауды жүзеге асыратын ветеринариялық қызметтерге жануарлардың одан арғы тағдыры туралы мәселені шешкенге дейін оларды уақытша ұстау, жануарлардың биологиялық қалдықтарын кәдеге жарату және жою, сондай-ақ жануарларға арналған панажайларды есепке алуды жүргізу құзыретін беру қажет. | Қабылданды |
| 10. | 1-баптың 3-тармағы 1) тармақ- | 10-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың | 23) тармақшадағы «қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды» деген сөздер «жануарларды аулауды | Мынадай редакцияда жазылсын: «23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: | Депутат Д.Н. Назарбаева Жануарларды аулауды жүзеге | Қабылданды |

| | | | | | | |
|-----|---|---|--|--|---|-------------------|
| | шасының алтыншы абзацы | жергілікті атқарушы органдарының құзыреті ... 1-1. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне: ... 23) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру; | және өлтіруді» деген сөздермен ауыстырылсын; | «23) жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды ұйымдастыру;». | асыратын ветеринариялық қызметтерге жануарлардың одан арғы тағдыры туралы мәселені шешкенге дейін оларды уақытша ұстау, жануарлардың биологиялық қалдықтарын кәдеге жарату және жою, сондай-ақ жануарларға арналған панажайларды есепке алуды жүргізу құзыретін беру қажет. | |
| 11. | 1-баптың 3-тармағы 1) тармақ-шасының жетінші абзацы | 10-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті ... 1-1. Республикалық маңызы бар қалалардың, | 27) тармақшадағы «қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын» деген сөздер «жануарларды аулау және өлтіру қағидаларын, аулауға және өлтіруге жататын жануарлар тізбесін» деген сөздермен ауыстырылсын; | Мынадай редакцияда жазылсын: «27) тармақшадағы «иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын» деген сөздер «үй жануарларын ұстау | Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті «Жануарларға жауапты қарау туралы» заң жобасының 22-бабының 2- | Қабылдауға |

| | | | | | | |
|-----|-------------------------------------|--|--|---|---|-------------------|
| | | <p>астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне:</p> <p>...</p> <p>27) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;</p> | | <p>және серуендету қағидаларын, жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын» деген сөздермен ауыстырылсын.».</p> | тармағына сәйкес келтіру. | |
| 12. | 1-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы | <p>11-бап. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар</p> <p>...</p> <p>4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары мынадай функцияларды:</p> <p>...</p> | <p>2) 11-баптың 4-тармағындағы «қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды» деген сөздер «жануарларды аулауды және өлтіруді» деген сөздермен ауыстырылсын.</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«4) 11-баптың 4-тармағының жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды;».</p> | <p>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті,</p> <p>Депутат</p> <p>Д.Н. Назарбаева</p> <p>Жануарларды аулауды жүзеге асыратын</p> | Қабылданды |

| | | | | | | |
|--|-------------------------------------|---|--|--|---|-------------------|
| | | қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды; | | | ветеринариялық қызметтерге жануарлардың одан арғы тағдыры туралы мәселені шешкенге дейін оларды уақытша ұстау, сондай-ақ жануарлардың биологиялық қалдықтарын кәдеге жарату және жою, құзыретін беру қажет. | |
| «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы | | | | | | |
| 13. | 1-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын ұғымдар Осы Заңда негізгі пайдаланылады: ... 35) жануарлар – құрғақта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында болатын жабайы жануарлар (сүтқоректілер, | 1) 1-баптың 35) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «35) жануарлар – құрлықта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында жүрген жабайы жануарлар (сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, | Алып тасталсын. <i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i> | Депутаттар Ю.В. Жулин, Г.А. Нұрмова, З.А. Камасова «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» заңда бекітілген және «Жануарларға жауапкершілікпен | Қабылданды |

| | | | | | | |
|-----|-------------------------------------|--|---|--|---|-------------------|
| | | құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және тағы басқалары); | моллюскілер, жәндіктер және басқалары), сондай-ақ адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде асырайтын және өсіретін кез келген түрдегі үй жануарлары, оның ішінде иттер мен мысықтар (асырауға тыйым салынған жануарлар тізбесіне енгізілген жануарларды қоспағанда);»; | | қарау туралы» заң жобасында ұсынылған «жануарлар» ұғымдарын сәйкестендірудің қажеті жоқ. | |
| 14. | 1-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы | 49-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау 1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жоспардан тыс тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында жүзеге асырылады. | 2) 49-бапта: 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнама талаптарының сақталуы тұрғысынан бару | Алып тасталсын. <i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i> | Экология және табиғат пайдалану комитеті Профилактикалық бақылау мен қадағалаудың екі түрін сақтау мақсатында (бару арқылы және бармай). Бұл норма жаңа құқықтық салдар туғызбайды. | Қабылданды |

| | | | | | | |
|--|-------------------------|---|---|--|---|-------------------|
| | | 2. Жоспардан тыс тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. | арқылы жоспардан тыс тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.»; 2-тармақ алып тасталсын. | | | |
| «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы | | | | | | |
| 15. | 1-баптың жаңа 5-тармағы | 134-бап. Мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің мақсаты ... 2. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар өз қызметін: ... қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды; | Жоқ | Мынадай мазмұндағы жаңа 5-тармақпен толықтырылсын: «5. Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына: 134-баптың 2-тармағы 18) тармақшасының он үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды;». <i>Тармақшалардың кейінгі</i> | Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті, Депутат Д.Н. Назарбаева «Жануарларға жауапты қарау туралы» заң жобасының 9-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес келтіру. | Қабылданды |

| | | | | | | |
|-----|-------|-----|---|---|---|-------------------|
| | | | | <i>нөмірленуі өзгертілсін.</i> | | |
| 16. | 2-бап | Жоқ | 2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. | «он» деген «алпыс» деген сөзбен ауыстырылсын. | Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті, Депутаттар Г.А. Нұримова, З.А. Камасова «Құқықтық актілер туралы» Заңның 42-бабының 5-тармағында бұрын заңдық жауаптылыққа алып келмеген әрекеттер (әрекетсіздік) үшін заңдық жауаптылықты көздейтін не бұрынғымен салыстырғанда анағұрлым қатаң жауаптылықты белгілейтін заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткенге дейін қолданысқа | Қабылданды |

| | | | | | | |
|--|--|--|--|--|----------------------------|--|
| | | | | | енгізілмейді деп жазылған. | |
|--|--|--|--|--|----------------------------|--|

Заң жобасының мәтіні «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және әдеби тіл қағидаларына сәйкес келтірілсін.

Комитет төрағасы

А. Милютин



*Дүрөгі: Құжаттамамен қамтамасыз ету
Әкімшілік сектор меңгерушісі
Май Н.Шайтанбаев.*